

**Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің исламтану кафедрасының докторанты Стамбакиев Нұржан Жақсылықұлының «6D021500 - Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Қазақстан Республикасындағы исламдық қаржы институттарының қалыптасуы және қызметтерінің ерекшеліктері» атты ғылыми диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшісінің берген**

## **ПІКІРІ**

Ислам тек сенім және құлшылық мәселелері ғана емес, өмірдің өзге де аспектілерін қамтыған әмбебап дін. Дінде арнайы үкімдері бекітіліп, жүйеленген салалардың бірі экономика және қаржы саласы. Құран және сүннетте қаржы қатынастарына қатысты қағидалар мен принциптерді бекітетін мәтіндер аз емес. Десе де ислам дінінің тағылымдары өмірге жаңа қаржы өнімдерін енгізуден гөрі нарықта бұрынан қолданыс тауып келе жатқан мәмілелерді сүзгіге салып, дұрысын құптап, бұрысын шектеуге бағытталған. Қаржы-экономика мәселелеріне қатысты шарифи үкімдерді зерделей келе олардың астарында әділдік, адалдық, теңдік, жеке меншікті қорғау, жеке мүдде мен жалпы мүдденің арасында әділ тепе-теңдікті сақтау, біреудің ақысын жемеу, жанжалдың алдын алу, адамды еңбекке баулау мен еңбекті тиісті деңгейде бағалау секілді принциптердің жатқанын аңғаруға болады.

Соңғы кездері әлемде орын алып жатқан қаржы дағдарыстар альтернативті қаржы жүйесін қарастыру қажеттілігін тудыруда. Осы ретте ислам банктерінің 2007-2008 жылдары әлемдік қаржы дағдарысына төтеп беруі ислам қаржы-экономикалық моделінің тиімділігі мен өміршеңдігін айқындады. Бұл жағдай өз кезегінде сала мамандарының исламдық қаржы жүйесіне деген қызығушылығын арттырып, сұранысты ұлғайтты. Исламдық қаржы жүйесінің әрқашан нақты экономикамен тығыз байланыста болуы ерекшелігі қаржы секторының тұрақтылығының кепілі.

Исламдық қаржы секторы дағдарыс кезеңінде қаржы көздерін әртараптандырудың жолдарын қарастырушы Қазақстан Үкіметінің назарынан да тыс қалмады. Қазақстан 2009 жылдан бастап исламдық қаржы секторын енгізу бағытында бірқатар заңнамалық-құқықтық актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізіп, жаңа саланы дамытудың жол картасын бекітті. Алайда арада 15 жылға жақын уақыт өткеніне қарамастан еліміздегі исламдық қаржы индустриясы бастапқы деңгейден көп ілгерілемеді. Оған исламдық қаржының елдің қаржы нарығындағы үлесі куә. Н.Стамбакиевтің диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасындағы исламдық қаржы секторының бүгінгі жағдайына нақты сипаттама беріп, саланың дамуын тежеуші факторларды зерттеумен ерекшеленеді. Сонымен қатар диссертант ғылыми жұмысында елімізде қызмет етуші Al Hilal, Заман ислам банктері мен Қазақстан Иджара Компаниясы, Al Saqr Finance исламдық лизинг компанияларындағы қаржы өнімдерін шарифат тұрғысынан талдап, олардың

шариғи кеңестерінің қызметтерін зерттеді. Диссертант зерттеу нысанының пәнаралық ара-қатынасын ескере отырып, исламтанушы ретінде мәселелерді қаржы және экономикалық қырынан бұрын діни тұрғыда қарастырған. Осы ретте бұл диссертацияны Қазақстандағы исламдық қаржы институттардың қызметтерін діни қырынан қарастырған алғашқы еңбек деп бағалауға негіз бар.

Н.Ж. Стамбакиев тақырыпты теориялық және практикалық жағынан кешенді зерттеді. Зерттеу саласы бойынша өзінің теориялық базасын жетілдіру үшін бірнеше рет шет елге сапар шегіп, ислам экономикасы мен қаржысының ғалымдарынан арнайы дәріс алды. Алған теориялық білімдерін практикамен ұштастырып, Қазақстандағы исламдық қаржы институттарын зерттеуде ұтымды қолдана білді.

Н. Ж. Стамбакиев зерттеудің өзектілігін айқын көрсетіп, алдына қойған мақсат пен міндеттерді тиісті дәрежеде орындай білген. Зерттеу барысында классикалық дереккөздерді және кейінгі кездері жарық көрген әдебиеттерді бірдей қолданған. Салаға қатысты әдебиеттер мен ғылыми еңбектерге жасаған кешенді шолуы диссертанттың зерттеу тақырыбын жақсы игергендігін көрсетеді. Зерттеудің практикалық бөлімінде тақырыпқа қатысы бар жергілікті және шет елдік мамандардан эксперттік сұхбат, сауалнама алып, эмпирикалық әдістерді тиімді қолданған. Эксперттік сұхбаттың нәтижелері халықаралық ғылыми индекске ие академиялық журналда жарияланған. Диссертацияның тараулары мен бөлімдері арасында логикалық үйлесім мен реттілік жақсы сақталған, зерттеу жұмысының мазмұны мен нәтижелері алдыға қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес.

Қорыта айтқанда, Н.Ж. Стамбакиевтің «Қазақстан Республикасындағы исламдық қаржы институттарының қалыптасуы және қызметтерінің ерекшеліктері» атты 6D021500 – Исламтану мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін жазған диссертациясы талаптарға сай, құнды, теориялық және қолданбалы деңгейі жоғары еңбек деп есептеймін және қорғауға жіберуге ұсынамын.

**Ғылыми жетекші:**  
**Нұр-Мұбарак Египет ислам**  
**мәдениеті университетінің проректоры,**  
**PhD доктор**



**К. Курманбаев**

